

**"Хромтау-Алтынсарин темір жол желісін салу және уақытша пайдалану жөніндегі дирекция құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 1635

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының тиімді қызметі үшін қосымша өндіріс құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Хромтау-Алтынсарин темір жол желісін салу және уақытша пайдалану жөніндегі дирекция" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға р ұ қ с а т б е р і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*